

**2011 жылға Уәлиханов ауданы бойынша өтінімдердің беру мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізуге оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 151 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 мамырда N 13-13-139 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 02.12-06-09/362 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімі аппаратының 29.12.2012 N 02.12-06-09/362 хаты)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағы негізінде аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінімдердің келесі беру мерзімдері белгіленсін :

1) Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар–жағармай материалдары мен басқа да тауарлық–материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға (40 %-ға дейін) – 2011 жылдың 15 мамырына дейін .

2) Тыңайтқыш (органикалықтарды қоспағанда) шығындарының құнын арзандатуға (50 %-ға дейін) – 2011 жылдың 20 желтоқсанына дейін.

3) Ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілер өндірген (формуляцияланған) гербицидтермен өңдеуге жұмсалған шығындардың құнын арзандатуға (50 %-ға дейін) – 2011 жылдың 1 тамызына дейін.

2. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға Уәлиханов ауданында субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізуге оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.М.

Бейсембінге

жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Уәхитов

Аудан

әкімдігінің

2011

жылғы

29

сәуірдегі

№

151

қаулысына

қосымша

**2011 жылға Уәлиханов ауданында субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізуге оңтайлы мерзімдері**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2011.05.31 N 209 Қаулысымен**

Егіншілік аймақтар	Дақыл	Қолайлы уақыт аралықтары
1) Құрғақ жазық, жазық аймақтар	Жаздық бидай, орташа, орташа кеш пісетін	17.05-03.06
	Жаздық бидай, орташа ерте пісетін	30.05-08.06
	Арпа –орташа кеш пісетін	25.05-30.05
	Арпа – орташа пісетін	30.05-05.06
	Сұлы	30.05-05.06
	Ноқат	10.05-15.05
	Асбұршақ	20.05-25.05
	Қаракұмық	20.05-25.05
	Тары	30.05-03.05
	Рапс	10.05-18.05
	Зығыр, қыша	19.05-22.05
	Күнбағыс майлы тұқымға	14.05-18.05
	Картоп	15.05-20.05
	Жүгері сүрлемге	16.05-31.05
2) Таулы үстіртті, үстіртті аймақтар	Жаздық бидай, орташа, орташа кеш пісетін	16.05-03.06
	Жаздық бидай, орташа ерте пісетін	28.05-06.06
	Арпа – орташа кеш пісетін	25.05-30.05
	Арпа – орташа пісетін	30.05-05.06
	Сұлы	30.05-03.06
	Ноқат	10.05-15.05
	Асбұршақ	20.05-25.05
	Қаракұмық	20.05-25.05
Тары	28.05-30.05	

	Рапс	10.05-18.05
	Зығыр, қыша	16.05-19.05
	Күнбағыс майлы тұқымға	14.05-18.05
	Картоп	15.05-20.05
	Жүгері сүрлемге	14.05-18.05
Күздік бидай, күздік қара бидай және көкөніс дақылдарын отырғызудың оңтайлы мерзімдері		
Күздік бидай		25.08-5.09
Күздік қара бидай		25.08-5.09
Сәбіз (тұқым)		10.05-15.05
Пияз (тұқым)		10.05-15.05
Қызылша		25.05-5.06
Қияр		18.05-5.06
Орамжапырақ көшеттері		25.05-10.06
Қызанақ көшеттері		28.05-10.06
Малазықтық шөптердің оңтайлы мерзімдері		
Біржылдық шөптер шөпке		
Судан шөбі, тары, итқонақ		1-5 маусым аралықтары
Көпжылдық шөптер		
Түйежоңышқа, жоңышқа, еркекшөп, эспарцет, арпабас		10-15 мамыр аралықтары
Біржылдық шөптер пішендемеге		
Сиыржоңышқа + сұлы + арпа		27.05 - 31.05
Асбұршақ + сұлы + арпа		05.06 -07.06
Асбұршақ + малазықтық тары		08.06 - 10.06
Асбұршақ + сұлы + судан		08.06 - 10.06

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК